

Р.С. Абжаловтың «Фотохимиялық процестерді қолдану арқылы химиялық қаптамалар технологиясын әзірлеу» атты диссертациялық жұмысына

ШІКІР

Диэлектрлік материалдардың бетінде көп функциялы қасиеті бар қаптамалар алудың қазіргі ғылым мен техника саласында маңыздылығы жоғарылығына байланысты Р.С. Абжаловтың жұмысы өте өзекті болып табылады. Атап айтқанда, диэлектрлік материалдар бетінде алынған мыс және никель, күміс қаптамаларының өзіндік әртүрлі пайдалы механикалық, физика-химиялық, бактерицидтік қасиеттеріне байланысты оларға деген сұраныс уақыт өткен сайын артып келеді. Жалпы, химиялық қаптамалар алудың тиімді, өзіндік құны арзан болып табылатын технологиясын жасаудың өзектілігі жоғары.

Р.С. Абжалов диссертациялық жұмыстың әдебиеттік шолу бөлімінде ауқымды библиографиялық дереккөздерді терең талдап, құнды деректерді қолдана отырып зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін нақтылаған, сонымен қатар осы дереккөздер бойынша нақты әрі сауатты қорытынды жасаған.

Диссертацияның зерттеу бөлімінде зерттеудің химиялық және физика-химиялық әдістерін саралап, маңызды әдістерін өзінің зерттеу жұмысына тиімді пайдаланған.

Жұмыстың тәжірибелік бөлімінде зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, диэлектрлік материалдар бетінде мыс, никель және күміс қаптамалары алынған. Алынған қаптамалардың механикалық, физика-химиялық, фотохимиялық және бактерицидтік қасиеттерін анықтау мақсатында нақты зерттеулер жасалған. Сонымен қатар, диэлектрлік материал бетінде күн сәулесі әсерінен жүретін фотохимиялық реакциялардың нәтижесінде жартылай өткізгіштік қабілеті бар қабықша түзілетінін анықтаған. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша құнды тәжірибелік мәліметтер алынған.


Жоспарланған диссертациялық жұмысты Р.С. Абжалов толық көлемде орындаған және ол 6D072000-«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша PhD дәрежесін қорғауға ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

техника ғылымдарының докторы,

Ташкент химия-технологиялық институтының

профессоры



Эркаев А.У.

Потверждаю подпись профессора Ташкентского химико-технологического института Актама Улашевича Эркаева:

Ученый секретарь ТКТИ д.т.н., профессор



Юнусов М.Ю.